Су-тіршілік көзі, жер-ананың берген ырыздық-сыйы. Сусыз күн көру әрине мүмкін емес. Ал оны қорғау мен үнемді, ретті және қажетке қарай пайдалану бүгінгі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Қазақстан – әлемдегі басқа мемлекеттермен салыстырғанда суды көп қолданатын ел болып саналады. Соңғы алпыс жылда ауыз суды пайдалану сегіз есе өскен. Ал суды үнемдеп тиімді пайдалану, су тапшылығын болдырмау сын-қатердің алдын алу болып табылады. «Судың да сұрауы бар...» Суды тиімді пайдалану маңызды мәселе. Су ресурстарын ұтымды қолдану арқылы оны болашаққа сақтау – әрбір адамзаттың парызы. Осынау қиын да, қажырлы салада еңбек етіп, саналы ғұмырын осы салаға арнаған жандар арамызда аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі Арыстанбаевтар әулеті. Әулеттің су шаруашылығы саласында жарты ғасырдан астам еңбек өтілі бар. Қазақстанның құрметті гидротехнигі, су шаруашылығы және мелиорация салалары бойынша еңбек ардагері Сабыр

Шаймерденұлы Арыстанбаев Қызылорда облысының су шаруашылығында 40 жылға жуық қызмет атқарған. Оның 11 жылын су мамандарын дайындауға және зерттеу-жобалау жұмыстарына арнаса, қалған 28 жыл бойы облыстық су шаруашылығы мекемесінің бас инженері және басшысы болған еді. Әрине, ол кісінің 40 жылға жуық кезеңде Қызылорда облысында су шаруашылығы және гидромелиорация гидроқұрылымдарының салынуына және дұрыс пайдалануына тек ақыл-кеңесімен ғана емес, ерен еңбегімен үлкен үлес қосқаны тарихта қалатыны сөзсіз. Себебі, Сабыр Шаймерденұлы өткен ғасырдың 60-80 жж. ортасында Қызылорда облысының 6 суармалы алқабында орналасқан (Түгіскен, Жаңақорған – Шиелі, Қызылорда сол және оң жаға, Қазалы оң және сол жаға) көлемі 200 мың гектар, суармалы жерлердің суару жүйелерін инженерлік қалыпқа келтірілуіне, көптеген гидротехникалық құрылыстардың салынуына және дұрыс пайдаланып күтіп-баптауда болуына ерекше үлес қосқан азамат. Ол кісінің еңбегі мемлекет тарапынан ескеріліп, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі атағы берілді, КСР Жоғары кеңесі Президумының Құрмет грамотасымен, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» ордендерімен марапатталған болатын. Оның еңбек жолында қазіргі және келешектегі мамандар мен сала басшыларына үлгі боларлықтай кәсіби тынымсыздығы мен табандылығы, қол астында істеген мамандарға және сол саладағы әріптестеріне қамқорлығы мен

берген ақыл кеңестері жеткілікті. Оларды зерттеп, пайдалы жақтарын келешекте де насихаттау жұмыстары жалғасып келеді. Сабыр Арыстанбаев туралы естеліктерді оқу барысында ол кісінің өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде салалық білім мен ғылымға қатты мән бергенін және оларды орнымен пайдалана білгенін байқаймыз.

Бүгінде оның ұлы Болат Арыстанбаев еліміздің су шаруашылығы саласында 40 жылдан астам қажырлы еңбек етіп келеді. 1978 – 1982 жылдары Москваның гидромелиоративтік институтын тәмамдап, инженер-гидротехник мамандығын алды. Экономиканың ең күрделі саласы су шаруашылығында «Қызылордамелиорация» өндірістік құрылыс басқармасына қарасты мекемелерде 1983 – 1997 жылдары мастер, прораб, бас инженер, басшысы, одан кейін жоғарыда аталған өндірістік құрылыс бірлестігі басқармасы бастығының бірінші орынбасары болды. Әке жолын жалғаған ардақты ұлмен біз сұқбаттасуды ұйғардық.

Әңгіме барысында Болат Арыстанбаев осыдан 13 жыл бұрынғы кезін еске алып, айрықша атап өтті. Ол 2008 жылы Қызылорда облыстық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры лауазымына тағайындалған. Сол уақытта ҚР Үкіметі премьер министрінің бірінші орынбасары Ө.Е.Шөкеев Қызылорда облысына іссапармен келіп облыс әкімі Б. Б. Қуандықовпен су шаруашылығы нысандарын аралап танысқаннан кейін Болат Сабырұлына ауқымды жұмысты жүзеге асыра алатын бірден-бір білгір, іскер маман ретінде танып жұмысына жоғары баға берген екен.



– Әлі есімде... Әкем қолымды қысып тұрып, қанатты сөзбен демей бергені. Ол – «Балам, бұл жұмыс сенің қолыңнан келеді. Егер сен Қызылордаға барсаң, мен сенің қолыңа келіп тұрамын. Бірақ есінде болсын, баяғы қуатты мекеме жоқ, аудандардағы ПМК-лары да, тресте, УПТК-сы да, автобазасы да бәрі кешегі тоқсаныншы жылдардағы топалаңда талан-таражға түсіп, тарап жекешеленіп кеткен. Бірақ, одан жұмыс көлемі азайған жоқ. Міне, соның бәрін қалпына келтіруің керек. Бұл оңай шаруа емес. Білсең, осы үлкен жауапкершілік өзіңе жүктелгелі отыр. Сондықтан елдің сенімін ақтайтын, азаматтығың сынға түсіп, өзіңнің кім екеніңді танытатын, білек сыбанып кірісетін сәтің туды, балам. Іске сәт болсын!», – деп ақ батасын берген болатын.



Міне содан бері кейіпкеріміз нәтижелі еңбек етіп келеді. Жұмысты жолға қоймаса, судың шығыны көбейеді де, шаруашылықтарға тиісті суын жеткізіп беру мүмкін болмайды. Сондықтан Болат Сабырұлы осындай қауіпке жол бермес үшін судың ағысы мен таратылуын реттеуші білгір мамандар керектігін, қолда бар мамандардан айрылып қалмай, оларға жағдай жасап оқытып-үйретуді кейінге қалдырмау мәселесіне қатты көңіл бөлген екен. Егер Сабыр Шаймерденұлы туралы естелікті оқысаңыз осындай өндірістік «қасиет пен әдеттің» Болат Сабырұлының әкесінен алғанын байқау қыйын емес. Қазіргі басшылардың да су шаруашылығының жалпы жұмысын жақсартудың каналдардың бойында күнделікті пайдалану және күтіп-баптау жұмыстарын атқарушылардың жағдайы мен жұмыстарын жақсартудан басталатын негізге алып өз тәжірибелерінде пайдаланғандары жөн болады.

2015 жылғы табыстың өзі 2 миллиард 392 миллион теңгені құраған. Мұның өзі, әрине, республикалық бюджет қамтуына көшудің нәтижесі екенінде дау жоқ.

2008 жылы Болат облыстық су шару-



ашылығы басқармасының бірінші басшысы қызметіне келген кезде осы мекеменің қамтуында 370 адам жұмыс атқарған болса, қазір олардың саны 960 адамға жеткен. Әлбетте, осындай көрсеткішке бірден қол жеткізу оп-оңай шаруа емес.

Бүгінде су шаруашылығы саласы динамикасының ізгі жолын ұлы Дастан Арыстанбаев жалғастырып келеді. Дастан Болатұлы 2006 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын бітіріп – заңгер мамандығын алған. Магистратураны экономиканың көптеген саласы бойынша озық тәжірибе қалыптасқан Германияда бітірген. ҚР Ұлттық экономика министрлігінде қызмет етіпті. Ата жолын жалғастырған әке ізімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін Су ресурстары және суды пайдалану мамандығын бітіріп, «Ремвод-проект» өндірістік учаскесінде – прораб, учаске басшысының орынбасары қызметін атқарды. Дастан Болатұлы қазіргі таңда ҚР Экология геология табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстар комитеті «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының құрылыс жөніндегі орынбасары қызметінде. Дастан бұл қызметке дейін, өз жұмысы шеңберінде

«Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласында 2876 га суармалы учаскесі үшін сыртқы инфрақұрылым объектісін (сорғысстанциясы, электрмен жабдықтау, таратушы құбыр) реконструкциялау» және Айтек су торабын қайта жаңғырту жұмыстарына тікелей жауапты болыпты. Одан да басқа филиал теңгеріміндегі каналдар мен қашыртқылар, су құрылыстарының жөндеу жұмыстары сметалық құжаттарға сай сапалы орындалуға міндеттелген. Қазіргі уақытта, Ата жолын құған Дастан – үлкенге іні, кішіге аға ретінде Атасы мен Әкесінің ақыл-кеңестері мен тәжірибелеріне сүйене отырып жұмыс бабында кез келген мәселені кейінге қалдырмай шешуді, бар ынта жігерімен қолынан келгенше көмекті аямайтын азамат. Ия, Ата мен әке жолын қуып, олардың ел үшін су саласында атқарған істерін одан әрі дамыта отырып жағастыра білу -бұл ұрпақ алдындағы үлкен парыз екені аян. Осындай қасиетті ардақты парызды замандасымыз Дастан Болатұлы үлкен жауапкершіліпен орындап қана қоймай Сабыр Шаймерденұлының келесі ұрпақтарына «Ата ісін жалғастыру ардақты міндет» деп келешекте өз қолымен тапсыруына тілектес болайық. Елімізде осындай жанұялар көп бола берсін!

Түйін: «су патшасы – мұрап, түн патшасы – шырақ» деген мақалды осы Арыстанбаевтар әулетіне арнағандай. Өйткені су шаруашылығы саласы бағзы заманнан бері ең құрметті мамандықтың бірі болып саналады. Шығыс халықтарында бұл қызметті әділ, жүрегі де, қолы да, жолы да таза адам атқаратын болған. Кейбір елдерде мұрапқа егіс біткенді тексеру де жүктелген. «Мұраптың ізінде қалған суды ішуге болады» деген қанатты сөзден де бұл кәсіп иелерінің



ар тазалығын, адалдығын, ысырапқа жол бермейтін жандар екенін көруге болатындай. Біз сұқбаттасқан Болат Арыстанбаев, су шаруашылығы саласын емес, су шаруашылығы саласы оны таңдағандай көрінді...

Аслан ЖЕҢІСҰЛЫ

СУ САЛАСЫНА ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫҚ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында суды тиімді пайдалануды атап өтіп, ауыл шаруашылығы саласының алдына үлкен талаптар қойғаны бәрімізге мәлім. Сондықтан, суармалы алқаптарды ұлғайту мақсатында суару жүйелерін жаңғырту, қалпына келтіру, суды тиімді пайдалану-заман талабы.

Алматы облысының егістік жерлері негізінен ылғалдылығы төмен және табиғаты құбылмалы аумақтарында орналасқан, осыған орай тиянақты және жоғарғы өнімді тек қана суармалы жерлерден алуға болатыны белгілі.

Облыста сурмалы суды жеткізу қызметін 17 аудан шегінде 8 коммуналдық меншіктегі ирригациялық кәсіпорындар және республика теңгеріміндегі «Қазсушар» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның 2 филиалы: Алматы филиалы және «Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы Каналы» филиалы атқарады.

«Қазсушар» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалы облысымыздың 9 ауданында (оның ішінде Ақсу, Алакөл, Ескелді, Көксу, Қаратал, Панфилов, Ұйғыр, Шеңгелді алқабы және Талдықорған қаласы) су шаруашылығы қызметін көрсетеді. Филиалдың теңгерімінде жалпы су шаруашылығы нысандары 9 су қойма, 15 гидротораб және ұзындығы 5113 шақырымды құрайтын

суару жүйелері, 1 насостық станциясы бар. Ағымдағы жылы пайдаланған суармалы алқаптар 133 мың гектарды құрайды. Филиал 7861 ауылшаруашылығы тауарөндірушілермен келісім шартқа отырған. 2021 жылдың 8 айлық жоспары бойынша су беру көлемі 1 015 661,1 мың. м3 нақты орындалғаны 991 971,3 мың. м3 немесе 98%.

Облыстың су ресурстарын ауыл шаруашылығы айналымына мүмкіндігінше толық пайдалануға суару жүйелерінің істен шығып, көп жылғы жөндеу жүргізілмей, ескіру салдарынан су ысырабы орын алып жатқаны бәрімізге жасырын емес. Суармалы жердің тиімділігін арттыру үшін атқарылатын жұмыстардың барлығы су шаруашылығы саласында істейтін мамандардың біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты.

”

Филиалдың штаттық кестесіне сәйкес 804 қызметкер, оның ішінде гидротехник мамандығымен 1-ші, 2-ші, 3-ші дәрежелі инженерлер, техник-гидротехниктер жалпы саны 119 адам.

“

Гидротехник - су шаруашылығы саласында жоғарғы жауапкершілікті талап ететін мамандық. Ол мелиорация саласымен қатар, су шаруашылығы нысандарын



пайдалану бойынша түрлі жұмыстарды орындауға міндетті. Оның ішінде:

- темір-бетонды гидроқұрылғылардың техникалық жай-күйін тексеру,
- күзгі-көктемгі тасқын суға қарсы іс-шараларды белгілеу,
- гидротехникалық құрылыстардың су өткізу бөліктерін қар мен мұздан тазартуға және бөгеттерді қажетті кезде нығайту жұмыстарын ұйымдастыру,
- су шаруашылығы нысандарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу,
- гидроқұрылғыларда геодезиялық жұмыстарын өткізу,
- су шаруашылығы нысандарын күрделі жөндеу жұмыстарын өткеннен кейін, комиссия құрамына қатысу, нысанды пайдалануға қабылдап алу,
- су беру маусымында су шаруашылығы нысандарын аппаты учаскелерін жедел жөндеп, су беруді кедергісіз орындауды ұйымдастырады.

Уақытында жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесінде алқаптарға суды үзіліссіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары климаттың жаһандық

өзгеруіне орай, Облыстың су көздері қар қоры мен мұздықтардың еруіне тікелей байланысты болғандықтан, өзендерде су ресурстарының тапшылығы орын алуда.

2021 жылғы суару кезеңінде шілде айының II онкүндігінен бастап өзендер бойынша ауа - райы жағдайларына, жауын-шашынның болмауына және температураның тұрақсыздығынан (түнгі уақытта температураның төмендеуі) су деңгейінің күрт төмендеуі байқалды. Филиалдың суару науқаны кезеңінде 3 ауданда (Қаратал, Ескелді аудандары және Талдықорған қаласында) Қаратал өзенінде су деңгейінің төмендеуіне байланысты суармалы судың жетіспеушілігі байқалды. Осыған орай, үш ауданға суды



орынды бөліп беру үшін Филиал қызметкерлері күндіз-түні кезекшілік ұйымдастырып, аптаның 2 күні Ескелді ауданы 2 күні Талдықорған қаласы және қалған 3 күнді Қаратал ауданы суғаруға көшеді. Су беру науқаны кезінде еш кедергісіз суды беруге жағдай жасалады. Атап өткендей суды тиімді пайдалану үшін облыста түнгі суару әдісі кеңінен қолданады. Бұлда гидротехник мамандарының тікелей ұйымдастыруымен жүргізілетін жұмыстың бірі. Нәтижесінде, суармалы жерді игеру біршама жақсарып, пайдаланушыларға су уақытылы және қажетті көлемде жеткізілді. Ал күзгі маусымда диқандардың ауыл шаруашылық дақылдарының мол өнімін алуына зор үлесін тигізеді.

Биылғы жылы су шаруашылығы қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында Республикамыз бойынша «Үздік гидротехник» номинациясын жеңіп алған Исаев Бейбіт Белғожаұлын атап кеткен жөн. Оның су шаруашылығына, суды басқарудың ор-

тақ ісіне қосқан баға жетпес үлесі бар, оны көп жылдар бойы жастарға тәжірибелі және білікті тәлімгер болып табылады. Исаев Бейбіт Белғожаұлының жалпы су шаруашылығы жүйесінде жұмыс өтілі 38 жыл. Бұл мамандықты жетік меңгеруді Бейбіт ағамызға өзінің сушылар әулетінен тараған. Әкесі Белғожа су шаруашылығының ардагері. Сондықтан, су шаруашылығы негіздері бойынша талапшыл және білімді маман ретінде бүгінде «Бейбіт ағаның шәкірттері» су шаруашылығы саласында үлкен нәтижелер көрсетуде, олар Батырғалиев М. Филиалдың су пайдалану бөлімінің бастығы, Бедрек А. Филиалдың Панфилов өндірістік учаскесінің 1-ші дәрежелі инженер-гидротехнигі, Төреханова Ж., Джумагулов Н., Сатыпалдиев Т., Каримов Н. 1-2 дәрежелі гидротехниктер.

Бейбіт ағамыздың шәкірттерінің бірі Төреханова Ж. жайында айта кетсек. Гидротехниктің негізгі жұмысы сыртта болғандықтан, ер – азаматтарға арналған мамандық, десе де әйел заты үй шаруасымен қатар, осы жауапты жұмысқа белсене араласуға қабілетті. Әр саланың өз саңлағы бар демекші бүгінгі күні Жазерке есімі - Филиалдың





сушылар мамандарының арасында бірге қоян-қолтық еңбек тізгінін ұстаған ұжымда ғана емес, бүкіл Панфилов аумағына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің арасында беделі асқар, білікті де білгір басшы.

Төреханова Ж. 1971 жылы Панфилов ауданы Көктал ауылында дүниеге келген, еңбек жолын су шаруашылығында 2004 жылы келген, 2009 жылы гидротехник мамандығымен Панфилов өндірістік учаскесінің Бұрақожыр учаскесіне басшы қызметіне тағайындалып, 2019 жылы «Су шаруашылығының үздігі» төс белгісімен марапатталуы, оның су шаруашылығына ерең еңбегі сіңген маман, әділдігі мен шынайылықты бірге ұстанатын абзал азаматша екенін дәлелдейді.

Жазерке суару маусымында күн-түн демей, өзінің учаскесіне тиесілі алқаптардың әрбір каналы мен су торабын бес саусақтай біліп, аралап, су ағысының бағыт –бағдарын жіті қадағалап, әрбір өткен текше метр судың қайда, қалай жұмсалып жатқанын басты назарда ұстап отырады. Ер –азаматтар қауымынан құралған ұжымның бел орта-

сында жүріп, өзінің бар білімі мен жігерін су шаруашылығына бағыттап, іскерлігімен өз ойын тайсалмай айта алатын қабілетімен таныта алды.

”

Бүгінгі күні ол Панфилов ауданының 290 ауылшаруашылығы тауар өндірушілерімен келісім - шартқа отырып, 3978 га суармалы алқаптарға су жеткізу қызметін әділ және ұқыпты атқаруда.

”



Қорытындылай келе, айтайын дегенім бүгінгі күні жас мамандардың қатары су шаруашылығы саласындағы гидротехник - инженерлермен толықса және атқарылатын жұмыстардың барлығы келешекте облыстағы суармалы жерлердің өнімділігін арттыруға бағытталып, «Жер жәнатты Жетیسудың» гүлденіп, өркендеуіне, яғни облысымыздың ауылшаруашылығы экономикалық даму жағынан үлестерін қосары анық.

Әсем Нұрлан



КАКИЕ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ МЕРЫ НЕОБХОДИМО ПРЕДПРИНЯТЬ ДЛЯ ЭКСПЛУАТАЦИИ И ТЕХНИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ РЕСПУБЛИКАНСКИХ ИРРИГАЦИОННЫХ СИСТЕМ?

Об этом нашему журналу подробно рассказал консультант Группы управления проектом Комитета по водным ресурсам МЭГПР РК (ГУП КВР) Т.С. Кененбаев. В частности, он затронул вопросы институционального развития, подготовки каналов после их реконструкции к приему воды, а также предупредил о последствиях несоблюдения правил пуска и прекращения подачи воды. Это особенно актуально после завершения проекта ПУИД-2, который предусматривает масштабную реконструкцию и улучшение ирригационных и дренажных систем в 4-х южных регионах Казахстана (фаза 2) – Алматинской, Жамбылской, Туркестанской и Кызылординской. Напомним, проект реализуется по Соглашению о займе между нашей республикой и Международным банком реконструкции и развития (МБРР).



Институциональное развитие

В первую очередь, отмечает консультант, должны быть созданы отдельные линейные эксплуатационные службы (ЛЭС) в со-

ставе производственных участков ПУ РГП «Казводхоз», принявшим на свой баланс республиканские ирригационные системы (объекты ПУИД-2 и др.). Эти службы необходимы наряду с существующими ЛЭС, службами по эксплуатации и техническому содержанию (ЭиТС) водохранилищ и других гидроузлов, а также магистральных и их межхозяйственных каналов.

Также в составе центрального аппарата областных филиалов РГП «Казводхоз», принявших на баланс ирригационные и дренажные системы более 10 тыс.га



орошаемых земель (ПУИД-2 и др.), важно предусмотреть должность заместителя директора по ЭиТС ирригационных и дренажных систем.

При принятии систем менее 10 тыс. га необходимо предусмотреть должность главного специалиста по ЭиТС Ис и ДС в составе отдела эксплуатации ЦА филиала.

Также в связи с внедрением цифровизации гидропостов на распределительных гидроузлах (ПУИД-2 и др.) необходимо в составе районных ПУ создавать диспетчерские пункты, возможно, на базе отдела водопользования. Они должны выполнять следующие функции:

- круглосуточный прием информации;
- быстрый анализ и принятие оперативного решения (с учетом плана и оперативного графика водораспределения);
- подача команды или конкретных указаний работникам ЛЭС по регулированию расхода и уровня воды в каналах, корректировке подачи воды в ирригационные каналы.

Кроме того, для эксплуатации технического обслуживания средств автоматизации консультант рекомендует создание ЛЭС



из 3-х специалистов: по автоматизации, по ремонту, а также электрика.

Для ЭиТС скажин вертикального дренажа (СВД) и их отводящих водоводов и бывших коллекторов в соответствии с нормативом должны расширяться существующие ЛЭС ПУ Туркестанского филиала в Мактаральском районе по ЭиТС СВД.

При этом необходимо создание для РЭУ для ЭиТС 72 ед. СВД на объекте ПУИД-2 АТК в сельском округе «Старый Икан». Альтернативой может быть создание ЛЭС по ЭиТС СВД в составе ПУ Туркестанского филиала по ЭиТС проектных ирригационных систем.





Подготовка каналов после их реконструкции (ремонта) к приему воды

Что необходимо предпринять начальнику ЛЭС ПУ за 5-10 дней перед пуском воды в ирригационный канал (систему) после их реконструкции (ремонта)?

Вот мероприятия, которые рекомендует консультант:

а) проверить готовность (штат, функциональные обязанности, приказы и др) линейной службы эксплуатации по ЭИТС ирригационных систем и провести инструктаж по правилам эксплуатации и технике безопасности, с расставлением их по наиболее ответственным участкам (чтобы обеспечить контроль при пуске воды);

б) проверить наличие планов водораспределения (на уровне каналов 1-2 порядка - это магистральные и межхозяйственные каналы), а на уровне ирригационных систем (каналы 3-5 порядков) - планов водопользования и оперативных графиков водоподдачи (составляются на каждые предстоящие 5-15 дней) фермерским земельным участкам. Водопользование должно быть круглосуточным.

Отметим, что планы водораспределения

составляются для магистральных и межхозяйственных каналов (МК, МХК) на основе календарных планов водопользования для ирригационных систем.

Оперативные графики водоподдачи фермерским земельным участкам составляются на каждые 5-15 суток (за 2-3 дня до начала расчетной декады) для каналов, подающих воду непосредственно фермерским землям (временным оросителям).

Общие условия подачи воды из участковых распределителей во временные оросители (ок-арыки) фермеров:

а) расход поливной воды (поливной ток) - 40-70 л/с (в зависимости от уклона поля, почвенных условий, состава поливаемых культур, поливной нормы, технической оснащенности технологии полива);

б) завершение полива на площади, подвешенной к одному временному оросителю (10-20 га), не более чем за 1-2 суток.

Последствия несоблюдения правил пуска и прекращения подачи воды

При пуске воды и прекращении подачи воды в каналы путем быстрого подъема и опускания щита затвора (это нарушение требова-

ний и общеизвестных правил эксплуатации) создаются гидравлические условия (фильтрационные потоки и др. явления) для оползания и обрушения, деформации и разрушения откосов каналов, просадки дамб и дна каналов на насыпных участках, размыва на поворотах (изгибах) каналов, а также деформации облицовки русла.

Пуск воды в канал до проектного максимально-допустимого и форсированного расхода поливной воды, не соблюдая требований о не превышении после ремонтного /или после реконструкции/ максимального расхода (равной не более 85% от проектного максимально-допустимого расхода), отмеченной краской на стенке канала (у гидростата), может вызывать риск перелива воды через гребень дамбы канала, размыва насыпи под облицовкой (в итоге, бетонное покрытие остается в висячем состоянии).

Эксплуатация канала с пуском воды расходом менее 40% от расчетного рас-

хода канала приводит к интенсивному заилению и зарастанию русла канала, увеличению потери воды как при транспортировке, так и в ходе поливов, так как поливы излишне затягиваются. В итоге ухудшается водообеспечение, нарушаются режимы орошения, обостряются процессы вторичного засоления и возрастает частота очистки каналов от ила и растительности. Все эти факторы отрицательно отражаются на деятельности и экономике вододателя в целом.

Во избежание такого нежелательного явления нельзя допускать расхода воды в голове старшего канала (2 и 3 порядка) ниже 40-50% от расчетного расхода.

Для этого необходимо распределять поливную воду с таким расчетом, чтобы одновременно работали не более 50-60% младшие каналы (3 и 4 порядка). Также важно, чтобы в каждый такой канал поступало не менее 50-60% допустимого расчетного расхода.





Такой водооборот полезен как фермерам, так и вододателям (райводхозы). Он должен применяться ежегодно, независимо от водности источника.

Ненормированное и бессистемное распределение и подача воды (с несоблюдением существующих правил и рекомендаций) в оросительные каналы и в фермерские земли часто сопровождаются концевыми сбросами с фермерских земель (при летних и зимних поливах), которые затапливают трассы каналов, повышают УГВ под каналами и создают фильтрационные потоки с внешней стороны. Это приводит к деформации и разрушению откосов каналов и коллекторов. Обходчики ЛЭС ИС ПУ должны очень тщательно контролировать и принимать меры по соблюдению графика водоподдачи, не допуская излишней траты поливной воды.

Пример. Участок 5 га, УГВ – 2-2,5м, уклон поля - 0,001. 5 га земли делится на 2-3 яруса по 150-250 м, затем на 4-6 поливные клетки (по 0,80-1,25 га). Число поливных борозд в каждой такой клетке - 70 ед. (при междурядии в 0,7 м) и 55 ед. при междурядии - 0,9 м). Нетто-потребность в поливной воде 5 га земли за один вегетационный полив при глубоком УГВ – максимум до 4000-4500 м³/га.

Чтобы накопить в почву 5 га земли за один полив, на этот участок необходимо подавать 60-70 л/с воды в течение 18-20 часов. При этом крайне важно, чтобы одновременно воду равномерно получали 55-70 ед. поливные борозды по 3,5-4 часа. Если одновременно поливаются 4 таких участка по 5 га, то в голове участкового канала (канал 3-5 порядка) расход воды должен быть 300-310 л/с.

При близком залегании (0,8-1,0м) не минерализованных грунтовых вод поливную норму следует уменьшать на 20-40%. Для этого рабочую длину борозды следует принимать в пределах 80-150 м вместо 150-250 м.

Во избежание преждевременного износа каналов после их реконструкции и ремонта эксплуатирующей организации в соответствии Водным кодексом РК, Законом «О госимуществе» и Уставом предприятий необходимо выполнять:

- а)** ежедневно - меры по техническому обслуживанию (осмотр, мелкий ремонт, очистка от мусора, накопившегося за 6-12 часов);
- б)** ежегодно и регулярно, после окончания оросительного сезона, как специальное эксплуатационное подразделение балансодержателя, принимает меры по восстановлению деформированных откосов каналов и коллекторов, включая работы по очистке русла каналов и коллекторов (от растительности, ила и мусора), смазке и покраске затворов и других работ по поддержанию результатов, достигнутых в ходе реализации ПУИД-2.

Толбай Кененбаев



ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАЛҒАСУДА

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген керемет бір аталы сөз бар біздің халқымызда. Бәріміз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ» қазіргі күрделі ахуал жеңіл өтері сөзсіз. Өткен жылдары бізде белең алып, кең байтақ елімізді жайлаған коронавирус індеті көптеген әке, аналарымызды, аға, бауырларымызды, әпке, қарындастарымызды арамыздан алып кеткені бәрімізге белгілі. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен» дегендей, биылғы жылы қуаңшылық болып, жанымызға қоса малымыздан да айрыла бастадық. Малдың аштан қырылуы еліміздің Маңғыстау, Қызылорда облыстарында айтарлықтай сезілуде. Ауру індеті мен қуаңшылықты жау емес деп қалай айта аламыз, себебі ол жаудан да жаман, үнсіз келіп мал, жанымызды қынадай қырып жатқан жоқ па?! «Қазақ су шаруашылығы» респу-

бликалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі тарапынан биылғы COVID-19-дан зардап шеккен қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету, соның ішінде материалдық көмек көрсетуге басты назар аударылуда.

Ізгі сауапты істе бастаманы бірінші болып қолдаған өткен жылғы кәсіпорын басшылығы болатын. Бұл сауапты іске қазіргі кәсіпорын басшысы Алтай Аралбайұлы Елжасов та қолдау білдіріп отыр. 2021 жылдың басынан бері жарты жылдың қорытындысы бойынша бүгінгі таңда кәсіпорын бойынша індеттен зардап шеккендер саны, яғни ауырып, емделіп шыққан қызметкерлер саны 74 кісіге жетті. Өңірлердегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарына індеттен қайтыс

болған қызметкерлердің отбасыларына олардың бір айлық жалақысы көлемінде материалдық көмек беруге ұсыныс берілді, ал індетке шалдыққан қызметкерлерге еліміздегі төменгі еңбекақы көлемінде, яғни 42500 тенге көлемінде материалдық көмек ретінде қол ұшы беріле бастады. Жалпы осы мақсатта 3 млн. 350 мың теңгеге жуық қаражат ажыратылды. Індетке шалдыққан жандарға берілген бұл көмек олардың еңбек етіп отырған кәсіпорнына, еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, еңбек етуге деген құлшынысын молайтырары сөзсіз. Біз бұл қамқорлық шараларын індет толық жойылғанға дейін жалғастыра береміз, - деді қоғамдық бірлестік төрағасы Қалыбек Құдайбергеноұлы. Бастауыш кәсіподақ комитеттерінің бүгінгі таңдағы негізгі міндеттері індеттің алдын алу шараларының сақталуын бақылау және ұйымдарда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жұмысын күшейту болып табылады. Қазіргі жағдайда індеттің алдын алу мақсатында қызметкерлердің 80 пайызы кәсіпорын ғимаратында емес, қашықтықтан жұмыс жасауға көшкен, сонымен қатар ғимараттың әрбір қабаттары санитарлық талаптардың кез келген сынына жауап беретіндей дәрежеде жасақталынған. Біздің негізгі мақсатымыз қызметкерлерге қазіргі таңдағы



індетпен күрестің бірден – бір тиімді жолы ол санитарлық сақтық шараларын қатаң сақтау екенін түсіндіру болып табылады, сонымен қатар бүгінгі таңда қауіпсіз жұмыс - денсаулығымыз кепілі, табысымыз кепілі деген ұғымдар әрбір қызметкердің мінез - құлқының, іс – әрекетінің ең басты ұранына айналуы тиіс деді кәсіпорын қызметкерлері Жергілікті кәсіподақ комитеті төрағасы өз сөзінде.

Еңбек етіп жүрген азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету кәсіподақтың басты міндеттері болып табылады. Елімізде орын алып отырған бүгінгі ауыр жағдайды ескере отырып,

республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Бас директоры Алтай Аралбайұлы Елжасовтың тікелей берілген тапсырмасымен мектепке алғаш қадам қоятын бүлдіршіндерге берілетін материалдық көмек - көпбалалы қызметкерлерге, жалғыз басты ата - аналарға, табысы төмен отбасыларға көмек ретінде қаржылай беріледі, ал маңдай терін төске тамызып жүрген, денсаулықтары сыр берген сала қызметкерлерінің адал еңбегіне – демалыс орталықтарына жолдама беруді жөн санап отырмыз деді өз сөзінде Жергілікті кәсіподақ төрағасы Құдайберген Қалыбек. Осы ізгі де сауапты істің бас ұйымдастырушысы Қалыбек аға Оңтүстікауызсу, Батыс Қазақстан филиалдарына арнайы іссапарға шығып, осы қаржылай көмектің қызметкерлерге берілуіне атсалысып, басы – қасында болып келді. Облыстағы кәсіпорын қызметкерлері көпке үлгі боларлық кәсіподақ төрағасы Қалыбек ағамыздың арамызда төбе көрсетіп, жақсылық жасауы жұдырықтай жүректің кеңдігінде екенін тілге тиек етті. Бүгін баршамыз «Казсушар» кәсіпорны қызметкерлері кәсіподағының жүрекке жылулық сыйлайтын игі істеріне куә болып, арда азаматпен тілдесіп, ілтипатына ие болып отырмыз. Жеткіншектеріміздің көңіліне көктем ұялатып, демеу білдіру елім, отаным деп жүрген әрбір азаматтың ардақты борышы деді риза болған көпшілік.

Бірінші сыныпқа баратын балалардың саны 436 ге жетті. Осы балалардың ата-аналары болып табылатын қызметкерлерімізге аз да болса көптей көрдегендей 30 мың теңгеден жалпы сомасы 13 миллионнан астам кәсіподақ қаржысы бөлініп отыр. Осы аталған әлеумет-

«Казсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Бас директоры Алтай Аралбайұлы Елжасовтың қолдауымен «Казсушар» РМК қызметкерлерінің Жергілікті кәсіподағы амалдағы жылы да бірнеше әлеуметтік бағдар ламаларды амалға асырып отыр. Атап айтсақ әлеуметтік бағдарламаларға осы жылы 1 – сыныпқа баратын балалары бар көпбалалы және жалғызбасты бала тәрбиелеп отырған қызметкерлерімізге қаржылай көмек көрсету жұмыстары еніп отыр. Сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлеріне сауықтыру және демалу орындарына жолдамалар беру жұмыстары жалғасын табуда.

Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын дейді халық даналығы. «Казсушар»

тік бағдарламалардың басты мақсаты – еліміздің ертеңі-балаларға қамқорлық көрсету, көпбалалы отбасылардың, жалғызбасты аналар балаларына сапалы білім алуына мейлінше жағдай жасау болып табылады. Биылғы жылы жылдың басында су шаруашылығында көп жыл еңбек етіп, денсаулығы сыр берген қызметкерлеріміз үшін «Сарыағаш», «Мерке», «Жаңақорған» және «Щучинск» сауықтыру және демалыс шипажайларына жалпы саны 100 ге жуық жолдама сатып алған болатынбыз. Соның игілігін қызметкерлеріміз толыққанды пайдалануда.

Өткен жылдан бастау алған осы әлеуметтік бағдарламалар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін жобаға айналады деп сеніммен айта аламын – деді сөз соңында кәсіподақ төрағасы Қалыбек Құдайбергеноұлы!

Төмендегі суреттерде «Қазақ су шаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі төрағасы Қалыбек Құдайбергеноұлының арнайы барып «Оңтүстікауызсу» филиалында болып 2021 жылы індетпен ауырған қызметкерлеріне және Батыс Қазақстан филиалында осы жылы алғаш мектеп табалдырығын аттаушы бүлдіршіндерге материалдық көмек тапсыру сәттері бейнеленген.



Қалыбек Құдайбергеноұлының Батыс Қазақстан филиалында осы жылы алғаш мектеп табалдырығын аттаушы бүлдіршіндерге материалдық көмек тапсыру сәті.



Суреттерде «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің Жергілікті кәсіподағы төрағасы Қалыбек Құдайбергеноұлының өз қолымен 1 – сыныпқа биыл баратын балаларға қаржылай көмекті үлестіру сәттері бейнеленген.

Суретте: Қоғамдық бірлестік төрағасы Қалыбек Құдайбергеноұлының індетпен ауырған қызметкерлерге материалдық көмекті табыстау сәті.

Сенбек Сансызбайұлы

ШЕК ВИТАЛИЙ МИРОНОВИЧ



2 октября 2021 года ушел из жизни бывший директор РГП ОДСП «Арал», почетный ветеран водного хозяйства Шек Виталий Миронович.

Вся трудовая деятельность Виталия Мироновича неразрывно связана с услугами подачи питьевой воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям.

После окончания Джамбулского гидромелиоративно-строительного института он начал свою трудовую деятельность с 1979 года инженером ремстройотдела Кызылординского облмелиоводхоза, затем переведен начальником отдела, назначен на должность главного инженера по строительству водохозяйственных объектов облмелиоводхоза. В 1987 года назначен на должность директора. В связи с реорганизацией водохозяйственных предприятий в 1989 года был назначен главным инженером ОДСП ПСЭО «Кызылордамелиорация».

С 1995 по 2012 год Шек В. М. работал директором ОДСП «Арал». На протяжении многих лет работал в предприятии, внося огромный вклад в ее развитие. Благодаря добросовестности, ответственности и профессионализму Шек Виталия Мироновича предприятие достигла высокого уровня в обеспечении питьевой воды населения Кызылординской области.

С 2012 по 2020 годы Шек В. М. был производственным директором ТОО «Мелиоратор», советником директора РГП «Казводхоз», советника по юридическим вопросам в Кызылординском филиале РГП «Казводхоз».

От имени коллектива и от имени ветеранов РГП ОДСП «Арал» выражаем искренние соболезнования родным и близким в связи с кончиной уважаемой коллеги и прекрасного руководителя Шек Виталия Мироновича.

Уход из жизни Шек Виталия Мироновича прекрасного человека - это невосполнимая потеря для всех нас. Память о нем останется в наших сердцах.

«WORLD CLEANUP DAY 2021» ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА 11 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ҚОҚЫС ЖИНАЛДЫ

2021 жылғы 18 қыркүйекте еліміздің барлық өңірлерінде «World CleanUp Day 2021» Дүниежүзілік акциясы өтті.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ұйымдастырған ша­раға 298 мыңнан астам адам қатысты. Жиналған қоқыс көлемі 11 мың тонна­дан асты. 23 мың гектар аумақ жиналып, 16 мыңға жуық ағаш отырғызылды.

Биыл бүкіл ел бойынша тазалау үшін мыңнан астам орын анықталды. Нұр-Сұлтан қаласындағы негізгі алаң Алматы ауданындағы Нұра-Есіл каналы­ның бойындағы учаске болды.

«World CleanUp Day» Бүкіләлемдік акци­ясы қоқысты жинауға ғана емес, оны сұрыптап, қайта өңдеуге де бағытталған. Сұрыпталған қоқыстардан биылғы жылы қайта өңдеуге шыны, пластик, резеңке, қағаз, картон, металл сияқты екі мың тон­на қалдық тапсырылды.

Мұндай акциялар халық арасында эколо­гиялық мәдениетті одан әрі қалыптасты­рып, қоршаған ортаға құрметпен қарауға үйретеді әрі жастардың туған жерінің та­биғатын құрметтеуіне ынта береді.





«АУЫЛЫМА КІТАП»

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қызметкерлері Қазақстандағы Отбасы күніне арналған «Ауылыма кітап» республикалық қайырымдылық акциясына қатысты.

Акцияның мақсаты - ауыл мектептерінің кітапхана қорын кеңейту арқылы ауылдық жерлердегі балалар мен жастардың дамуына жағдай жасауға көмек көрсету.

Барлығы 350 кітап жиналып, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық инспекциясы арқылы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне әрі қарай облыс мектептеріне тарату үшін берілді.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Құндызай Мырзагелдіқызы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің қажырлы еңбегіңіз, кәсіпорынның дамуына өз ықпалын тигізді. Адамдық қасиетіңіз, еңбекқорлығыңыз, жайма шуақ мінезіңіз көпке үлгі. Біздің ұжым өзіңізбен қанаттас қызмет еткеніне зор қуанышты.



Кез-келген әрбір мекеменің жүрегі һәм қозғаушы күші, бұл – есепші бөлімі. Бұл мамандық иелері мекеменің тамырына қан жүгіртіп, қаржылық қиын-қыстау кезеңде мекеменің тағдырына тікелей ықпал етеді. Есепшілер аналитикалық ойлауды, сандар тілін түсінуді, кез-келген

жағдайда дағдарыстың шұғыл түрде алынуын және оны қажетсіз қаржылық шығындардан құтқаруға қабілетті маман иелері. Әлбетте, өз саласын жетік меңгерген маман әрбір мекемеге керек-ақ. Сіз осы салада алғаш еңбек жолын 1979 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданы, Қармақшы суару жүйелері басқармасының жұмысшысы болып бастадыңыз. Қатардағы жұмысшыдан бастап, техник, қаржыгер-экономист, бас есепші болып жауапты қызметтерді атқардыңыз. Әр жылдары осы су шаруашылығы саласындағы түрлі мекелерде кәсіби шеберлікпен түрлі лауазымда еңбек етіп, 2011 жылы "Қазсушар" РМК "Арал" СЖКБД филиалы директорының орынбасары лауазымында болдыңыз. Біліктілігіңізбен жауапты лауазымда табысты еңбек ете білдіңіз. Қазір «Қазсушар» РМК бас есепшінің орынбасары – бухгалтерлік және салық есебі бөлімінің бастығы қызметін табысты атқарып келесіз.

Өмірінің 40 жылдан астам уақытын еліміздің су шаруашылығы саласына арнаған Сіздің еңбегіңіз, ауыз толтырып айтарлықтай бағалы. Бүгінде Сіз су ресурстар саласында тәжірибесі мол, біліктілігі жоғары, беделі зор мамандарының бірісіз. Сапалы қызметіңіз бен ұтымды істеріңіз, аса қарапайым мінезіңіз бен байыптылығыңыз, азаматтық бітім - болмысыңыз да үлгі тұтарлық.

Сізге жүрер жолыңыздың ұзақ, асар асуларыңыздың биік, көрер қызықтарыңыздың мол болуын тілейміз! Ұжымыңыз Сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы - мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке - бірлік, басыңыздан бақ - дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!

"Қазсушар" мекемесінің ұжымы

Заслуженному воднику Казахстана ~ 90 лет.



19 ноября исполняется 90 лет Леониду Николаевичу Дмитриеву. С его участием и под его руководством запроектированы и построены многочисленные, порой уникальные, оросительные системы, водохранилища, водопроводы, насосные станции, которые и по сей день служат экономике Казахстана. Среди этих проектов можно выделить Бартогайское водохранилище на реке Шилик с Большим Алматинским каналом им. Кунаева, защита города Нур-Султан от затопления паводками, а также ряд крупных объектов по реке Сырдарья – Айтек, Аклак, Караузек, Коксарайский контррегулятор, плотина Северного Аральского моря. Под его руководством были запроектированы крупные групповые водопроводы, в том числе Каскеленский, Тургеньский, Арало-Сырдаринский и др. Об этом человеке можно говорить много.

Его высокий уровень профессионализма, умение мыслить снискали уважение работников водного хозяйства как нашей республики, так и зарубежья. Леонид Николаевич родился в 1931 г. в Алтайском крае. На его долю выпали сложные предвоенные и военные годы детства и юности. После школы он поступил и успешно завершил учебу в Московском институте инженеров водного хозяйства им. В.Р. Вильямса по специальности «инженер-гидротехник». В 1954 г. был направлен в институт «Казгипроводхоз». Здесь он вложил много сил и энергии в совершенствование проектно-изыскательских работ. Лично я знаком с Леонидом Николаевичем с 1978 г., когда шло строительство Егенсуйского водохранилища. В этот период я работал начальником ПМК-62 треста «Семипалатинскводстрой» а Леонид Николаевич - заместителем главного инженера проектного института «Казгипроводхоз». Но ближе узнать друг друга нам удалось в начале 2000-х годов, когда я работал заместителем, а в последующем - председателем Комитета по водным ресурсам. Леонида Николаевича всегда отличали не только высокие организаторские способности, но и профессиональные качества инженера.

В советский период времени страна помогала зарубежным государствам специалистами. Особенно много проектировщиков, строителей, водников выезжали работать за рубеж. Богатый опыт работы инженером, знание языков позволили



Леониду Николаевичу поработать более 6 лет в таких странах, как Бирма, Йемен. За трудовые успехи он был удостоен звания «Заслуженный гидротехник Казахской ССР», награжден орденом «Знак Почёта» и многими другими наградами правительства страны, Минводхоза СССР и Казахской ССР.

Леонид Николаевич - замечательный семьянин, со своей супругой Галиной Андреевной они воспитали троих детей, которые радуют их внуками и правнуками. Несмотря на свой возраст, Леонид Николаевич большой жизнелюб и оптимист. Он продолжает заниматься спортом, замечательно играет в бильярд, консультирует как молодых специалистов, так и опытных проектировщиков. Водники Казахстана желают Леониду Николаевичу в его юбилей здоровья, благополучия и как можно дольше находиться рядом с нами.

Анатолий Рябцев, доктор технических наук, профессор

НАУЧНО-ИНФОРМАЦИОННЫЙ ЖУРНАЛ "QAZSU"

Журнал издается с января 2004 года

Свидетельство о постановке на учет (переучет) Министерства связи и информации РК № 13994-Ж от 25.11.2013 г.

ISSN 2310 - 9963

Журнал выпускается при содействии Комитета по водным ресурсам МЭГПР РК

Собственник и издатель: ОЮЛ "Ассоциация водного хозяйства Казахстана"

Редакционная коллегия:

Атшабаров Н.Б.

Кененбаев Т.С.

Ибраева Т.Б.

Омирзак А.

Женисов А.

Редактор:

Атшабаров Н.Б.

Дизайн макета и верстка:

Субботина В.В.

Адрес редакции:

г. Астана, ул. Пушкина 25/5,
тел./факс: 27-45-80

Отпечатано в:

ТОО "ФАРОС "Графикс"

Тираж - 800 экз.

Редакция журнала не несет ответственности за содержание рекламных материалов. Материалы, присланные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются.



www.qazsu.kz